



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ҰЛТТЫҚ БАНКІ**  
**№ 09 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**  
**2005 жылғы 17 сәуір**  
**Халықаралық резервтер және**  
**ақша базасы туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2006 жылғы 14 сәуірде мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
<b>Таза халықаралық резервтер, млн.долл.</b>	<b>11 833,9</b>	<b>11 664,0</b>
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	10 626,2	10 626,2
Алтын	1 207,7	1 037,8
<b>Ақша базасы, млрд. теңге</b>	<b>1 013,0</b>	<b>1 013,0</b>
KZT/USD (кезең аяғында)	<b>128,45</b>	<b>133,98</b>
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	<b>597,00</b>	<b>513,00</b>

\* 2005 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

\*\* ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2006 жылғы сәуірдің бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері көбейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 6,8%-ға (немесе 754,3 млн. долл.) өсті. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногында валюта сатып алуы және Үкіметтің шотына шетел валютасының түсуі, Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операцияларды жүргізу, таза валюта қорларының 727,5 млн. долларға көбеюіне әкелді. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 2,2%-ға өсуі нәтижесінде 26,8 млн. долларға өсті.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 6,7%-ға, ЕАВ-мен таза активтер – 7,3%-ға өсті, алтынмен активтер бұрынғы деңгейде қалды.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 8 337,0 млн. долл.) қоса алғанда 20 174,3 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі 3,9 % болды.

2006 жылғы сәуірдің бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің төмендеуі (Үкіметтің шоттарында ақшаның көбеюі) ақша базасының 2,6%-ға (немесе 27,4 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.